



Жаз мезгілінің картотекасы.

Серуен №1

1.Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.

2.Еңбек. Аула сыпырушыға көмектесу.

3.Жеке жұмыс. Балалармен мысық туралы өлең жаттау.

Ойға батып мысық
Мысық сүтке тойды
Отыр көзін қысып
Көзін қысып қойды
Әндетіп бір баяу
Дейді мияу,мияу,
Дейді мияу,мияу,мияу.

4.Ойындар: «Тышқан мен мысық»
«Кім тез жетеді?»

5.Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ,
Тышқан ұстау талабы.
Сылдыр етсе жапырақ,
Дереу бұға қалады.

Серуен №2

1.Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау.

Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу. Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

2.Еңбек. Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.

3.Жеке жұмыс: 1-2 балаға балабақша туралы өлеңдерін қайталату, әңгімелету.

4.Ойындар: «Кім шапшаң?»
«Ұтып ал»

5.Көркем сөз.

Тазалық-денсаулық кепілі.(мақал)

Серуен №3

1.Бақылау: Ауа – райын бақылау.

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.

2. Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?», «Қуыспақ»

3. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау

Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің,
Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің.

4. Еңбек: Телімдегі гүлдерге су құю.

5. Көркем сөз:

6. Жаңбыр, жаңбыр жау – жау,
Көк белеңді сау – сау.

Серуен №4

1. Бақылау: Жаңбырдың жауғанын бақылату

Мақсаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көрсету. Ақ жауын ба, нөсер ме?

Айыра білуге баулу.

2. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» ,
«Жасырынбақ»

3. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешуге үйрету.
Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өңі кірер даланың.

4. Еңбек. Телімдегі қағаз, қоқыстарды жинау

5. Көркем сөз: Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.

Арық суы мол болсын.

Өсімдіктер көп болсын.

Жауған жерің шөп болсын

Серуен №5

1. Бақылау: Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.

Мақсаты: Ағаштардың түрлеріне қарай жапырақтарының да әртүрлі болатындығын көрсету. Аққайың ағашының жапырағымен таныстыру. Оны емен ағашының жапырағымен салыстыра отырып, айырмашылықтарын айтуға үйрету. Ағаштың пайдасы туралы өз ойларын жеткізе білуге баулу.

2. Қимылды ойын: «Шеңберге дәл түсір»
«Өз ағашыңды тап»
«Кім тез жинайды»

3. Жеке жұмыс.3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету

4. Еңбек.Телімдегі бұтақтарды жинау.

5. Көркем сөз. Жапырақтар, жапырақтар,
Күз болғанда сарғаяды.
Ал қазір тұр алдымызда,
Жап-жасыл боп бояуы

Серуен №6

1.Бақылау: Құстарға бақылау жасау.

Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау.

2.Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қою.

3.Жеке жұмыс: 2 – 3 балаға асфальт үстіне сурет салдыру. (құстың ұясы, құстар т.б)

4. Қимылды ойындар: *«Көкек»*

«Өз орыңды тап»

«Ұшты – ұшты»

5. Көркем сөз: Сауысқан – қорқақ құс,

Көкек – мақтаншақ құс.

Бұлбұл - әнші құс,

Көгершін – бейбітшілік құсы.

Серуен №7

1.Бақылау: Бақбақ гүліне бақылау жасау.

Мақсаты: Гүлзарда өсіп тұрған бақбақ гүлінің жапырағын, гүлін қарап басқа гүлден өзгешелігін ажыратып айта білуге үйрету.Гүлдер ауламызды көрктендіріп тұрғанын айту әңгімелеу.

2Қимылды ойындар: «Ғарышкерлер мектеб», «Бұлақ»

3. Жеке жұмыс: 2-3 балаға бақ-бақ гүлінің емдік қасиеті туралы мәлімет беру.

4.Еңбек: гүлдерге су құю, түптерін қопсыту.

5. Жұмбақ жасыру: Қырға кілем жайдым.

(қызғалдақ)

Тал басында тамаша үй.

(ұя)

6. Допты шеңберге түсіруге үйрету.

Қолдарына ұстап тұрған доптарын жеке-жеке шеңберге дәлдеп түсіру

Серуен №8.

1.Бақылау: Бағдаршамды бақылау.

Мақсаты: Бағдаршамның шамдарын түстеріне қарай ажыратып білуге,әр түстің берілетін белгісімен жолда жүру ережесін сақтауға үйрету.Жасыл түс-жаяу адам жүретін белгі екенін,қызыл түс-көліктер жүретін белгі, қызғылт сасы-өзірленуге арналған белгі екенін үйрету.

2.Қимылды ойындар: *«Күн мен түн»*

«Өз орныңды тап»

3.Жеке жұмыс.Тіл дамыту жаттығуларын қайталату.

4.Еңбек.Сынған ағаш қалдықтарын жинау

5.Көркем сөз.

6.Дөңгелекті жалауға дейін айналдырып бар.

Серуен №9

1. Бақылау: Жаңбырды бақылау.

Мақсаты: Жаңбырдың жауғанын бақылату арқылы жерге түскен су тамшыларының оған сіңіп кетуінің мәнісін түсіндіру, жаңбырдың пайдасын білгізу.

2. Қимылды ойындар: *«Күн мен жаңбыр»*
«Дауысынан таны»

3. Жеке жұмыс: 2-3 балаға жаңбырлы күннің суретін салуды үйрету.

4. Еңбек. Аула сыпырушыға көмектесу.

5. Жұмбақ жасыру. Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде
Өңі кірер даланың
(жаңбыр)

6. Гимнастикалық баспалдаққа мініп түсу.

Серуен №10

1. Бақылау: Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: Балаларға күннің өлі табиғатқа жататындығын түсіндіре отырып, оның қоршаған ортаға тигізер пайдасын түсіндіру. Оның таңда қай жақтан атып, кешке қай жаққа бататынын бақылату.

2. Қимылды ойындар: *«Күн мен түн»*
«Ақ серек, көк серек»

3. Жеке жұмыс: Балаларға жапырақтардан күнді құрастыруды үйрету.

Еңбек: Телімді сыпыру, артық заттарды жинастыру.

4. Көркем сөз: Жұмбақ жасыру.

Жұрттың бәрі, оны сүйеді,
Бірақ қарағысы келмейді.

(күн)

5. Бір аяққа секіруге жаттықтыру.

Серуен №11.

1.Бақылау: Табиғатты өзгерістерді бақылау
(жел, салқын, жаңбыр, т.б.)

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді
аңғарып айта білуге баулу. Олардың жыл
мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын
білгізу.

2.Қимылды ойындар: *«Шеңберге дәл
түсір»*

«Тышқан мен мысық»

3.Жеке жұмыс. Өздерінің білетін
тақпақтарын жатқа айтқызу.

4.Еңбек: Ойын алаңымызды жинастыру.

5.Көркем сөз: Жыл мезгілдері туралы
тақпақтар. Абайдың жыл мезгілдеріне
арнаған өлеңдері.

6.Жоғарыдан төмен қарай өрмелеу

Серуен №12.

1.Бақылау: Туған өлкенің көшелерінің тазалығы.

Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелей отырып, көшенің тазалығын бұзатын адамдардың қылықтарын аңғату, оларға ұқсамау, туған жеріміздің әсемдігіне назар аударту.

2.Еңбек: Телімдегі қағаз қалдықтарын жинау.

3.Жеке жұмыс: «Біз тұратын көше» 3-4 баламен әңгімелесу.

4.Ойындар: «Кімдікі дұрыс?»
«Даусынан таны»

5.Көркем сөз. Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем.

6. Ақятың ұшымен кедергілер арасында жүру және жүгіру

Серуен №13

1.Бақылау: Ауа – райын бақылау.

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану. Адамдардың сыртқы киімдеріне, айналадағы құстарға көңілдерін аударту.

2.Қимылды ойындар: «Қасқыр қақпан»
«Кім тез жүгіреді?»

3.Жеке жұмыс: 3-4 балаға бау байлауды үйрету.

4.Еңбек. Құмды бір жерге үйіп, үстінен су шашу.

5.Жұмбақ жасыру.Төңірегі тең көрініп,
Теген жатыр төңкеріліп,
Жас та сыйған, кәрі сыйған,
Астына оның бәрі сыйған.
(аспан)

Үйрекше жүру. (1-2 баламен).

Серуен №14.

1.Бақылау: Транспорттарға, бағдаршамға бақылау.

Мақсаты: Көліктер бағдаршам арқылы өз бағыттарына жүре алады. Бағдаршамның қызыл шамы жанған кезде көліктер жүреді, ал қызғылт сары түсті шамы жанған кезде көліктер тоқтап жаяу адамдар жүруге дайындалады, жасыл шамы жанған кезде жаяу адамдар жолдан өтуіне болатынын үйрету.

2.Көркем сөз:

Бип – бип, бип дейді,
Жолдан былай кет дейді.
Күшікті басуға болмайды,
Болмайды машина.

3.Жеке жұмыс. Әсем мен Қайсарға қандай машина көргендігін, аттарын атауға үйрету

4.Еңбек.Телімдегі ағаштарға су құю.

5.Қимылды ойын: «Паровоз». «Поезд»
«Менің машинам»

Көлік тірлерінің қимыл әоекетін жасау.

Ұшакпен ұшып

Қол бұлшық еттеріне жаттығу жасау.

Серуен №15

1.Бақылау.Аула сыпырушының еңбегін бақылау.

Мақсаты:Біздің бала бақшаның аула сыпырушысы атайдың еңбек құралдарын көрсеру қай құрал не үшін керек екенін айту.

2.Ойындар: *«Ұстап ал»*

«Біз көңілді баламыз»

3.Жеке жұмыс.Көрсетілген белгіге дейін ара қашықтықта (4 метрдей) түлкі,сияқты жүру.

4. Еңбек. Жолды тазалау, жаяу адамдар жүретін жолдарды тазалау.

5. Көркем сөз. (мақал)

1.Еңбек ер атандырар.

2. Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

6. Эстафеталық жарыс.

Серуен №16.

1. Бақылау. Құстарды бақылау. Түрлерін айыра білуге үйрету.

Мақсаты: Құстардың түрлері де түстері де әртүрлі екен біреуі қара, біреуі ала, біреуі үлкен, біреуі кіші екенін назар салып бақылау.

2. Қимылды ойындар: «*Торғайлар мен мысық*», «*Кім жылдам?*»

3. Жеке жұмыс. Кеглидің арасымен жүру.
(1-2 баламен)

4. Еңбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.

5. Көркем сөз. Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің.
Бар кезіп қайт, ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.

6. Жалаушаға тез жет.

Серуен №17.

1.Бақылау:Ауа-райын бақылау.

Мақсаты: Балалар бүгінгі ауа-райы қандай екен. Қандай тамаша күн шуағын төгіп тұр . Ауа-райы жақсы болса біз де таза-ауада көбірек серуендеп қайтамыз әңгімелесу.

2.Ойындар: «*Кім тез атайды?*»

«*Телефон*»

3.Жеке жұмыс. 3-4балаға пішіндерді айтқызу,ұқсастықтарын таба білуге үйрету.

4.Еңбек.Аула сыпырушыға көмектесу.

5.Жұмбақ жасыру. Аспанда бір ана бар,
Маңы толған балалар.

(Ай мен жұлдыздар)

Кездеспейді екеуі,

Көк аспанда мекені.

(Ай мен Күн)

6. Балалармен жыланша жүру қимыл әрекетерін жасау.

Серуен №18

1.Бақылау: Ағаш жапырақтарының түсін бақылау.

Мақсаты: Ағаш түрлері әртүрлі болса олардың жапырақтарының пішіндері де әртүрлі болады және түстері де әртүрлі қарандаршы жасыл, қызғылт т.б айту.

2.Ойындар: *«Ормандағы аю»*

«Өз парыңды тап»

3.Жеке жұмыс.Саз сабағындағы өлеңдерді 1-2 балаға айтқызып, қайталату.

4.Еңбек. Телімдегі құмды көтеру.

5.Тақпақ оқу. Ағаш біткен дірдектеп.

Жапырағын жоқтайды.

6. Желді күні ағаш жапырақтары қалай қазғалады бел бұлшық етеріне жаттығу жасау.

Серуен №19

1. Бақылау: Құстардың ұшуын бақылау.

Мақсаты: Қай жаққа ұшып барады? Неге ұшып барады? Ауа-райының өзгерісін құстардың ұшып бағыттарын өзгертіп ұшып бара жатқанын қарау. Қанаттарын кең жайып бара жатса алысқа сапар шегіп бара жатқаны екен.

2. Ойындар: «Кімнің жалаушасы?»

«Ұшты- ұшты»

3. Жеке жұмыс. Заринаға мүсіндеп үйрету.

4. Еңбек. Телімдегі керек емес заттарды жинастыру.

5. Жұмбақ жасыру. Тұмсығымен ояды,

Ағаш құртын жояды.

(Тоқылдақ)

Биікте ұшып жүреді,

Елік, қоян бүреді,

Қия таста ұясы,

Бұл құсты кім біледі?

(Бүркіт)

6. Құстарша қалықтап ұшу, аяқ ұшымен жүру.

Серуен №20.

1.Бақылау. Қайда не өседі? Жеміс- жидектің өсетінін бақылау.

Мақсаты: Балаларға жемістердің көбі ағашта өсетінін,жидектер жерде өсетінін айту.

Алма, алмұрт, шие, жүзім ағашта.Бүлдірген, қарақат жерде өсетінін айту.

2.Көркем сөз. Мен шиемін шиемін,
Күннің көзін сүйемін.
Мен өрікпін өрікпін,
Айналаға көрікпін.

3. Жеке жұмыс.Балалардың ішіндегі естиярларына жемістердің иісін, дәмін білуді ұғындыру, сұрау.

4. Еңбек.Арамшөптерді жұлуға, суаруға баулу.

5. Ойын: *«Қайсысы жеміс, қайсысы көкөніс?»*
« Ұзын жол»

6. Жерден жемістер жинайық бел бұлшық еттеріне жаттығу жасау.